

Дамыта оқыту технологиясы. Дамыта оқыту жүйесі

Орындаған: Калдыбаева Айдана



Жоспар:

- Дамыта оқыту технологиясының маңызы мен мақсаты
 - Дамыта оқыту технологиясының жүйесі
 - Дамыта оқыту технологиясының принциптері
- 
- 
- 
- 

Глоссарий

- **«Даму»** ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы,»-деп түсіндіріледі.
- **«Даму»** ұғымының психологиялық анықтамасы-жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді.
- **Дамыта оқыту технологиясы**— оқушының алған білімін өзіндік ойлаумен ұштастыратын бірден-бір әдіс.
- **Жоғары қиындықта оқыту принципі** - бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді.
- **Теориялық білімнің жетекші ролі принципі** - бұл теорияда оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру.

Дамыта оқыту технологиясы - оқушының оқу, білім алу процесінде жан- жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды.

Дамыта оқыту идеясын әдіскер ғалым В:В Давыдов ұсынған. Даму дегенде оқушының ойлауы, табандылығы, зейіні, оқу дағдысы мен іскерлігі тағы басқа да қабілеттерін дамытуды айтамыз.




«Дамыта оқыту» деген термин психология ғылымының қойнауында туып, баланың дамуын қарастырған



Ж.Пиаже




ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін




Л.В.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л. Рубинштейн




және басқа да психиканың функциясын зерттегендер



Б.Г.Ананьев, Г.С.Костюк, А. А.Люблинская, Н.А. Менчинская




іс-әрекет теориясының психологиясын жасағандар




А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин

еңбектерінде жан-жақты талданды


Нәтижеде дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В. Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарады



Д.Б.Эльконин



В.В.Давыдов



Л.В.Занков

Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау

Дамыта оқыту технологиясын дәстүрлі оқыту технологиясымен салыстырып қарайтын болсақ:



Дәстүрлі оқыту технологиясы

Дәстүрлі оқыту
әдістемесі негізінде
метафизикалық (сандық,
мазмұндық) әдіснама
пайдаланылса



Дамыта оқыту технологиясы

ал дамыта оқыту
технологиясының
негізінде
диалектикалық
(интенсивті, сапалық,
мәнділік) әдіснамасы
жатыр деп айтуға
болады



- ✓ Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқараста

- ✓ Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтауға бағытталса



- ✓ ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген
- ✓ дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.


Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор



Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді



Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады



Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті

Дамыта оқыту белгілері:



1. Педагогикадағы түсіндірмелі - иллюстративті әдісі алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуы – тығыз байланыста



2. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестендіріледі.



3. Балаға қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.

Дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде:

- оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды
- проблеманы шешу жолын іздестіреді
- жаңаны өздері табады
- ақылдасады, кеңеседі

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптары:

I. Әдістемелік іс - әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі

- Сабақтың мазмұны
- Оқу жағдайын ескеру
- Әдістемелік тәсілдерді қолдану

II. Келесі сабақтың моделін жоспарлау

- Сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау (аралық міндеттер мен шешу жолдары)
- Сабақтың әр этапындағы оқушының негізгі әрекет түрлерін анықтау
- Оқушы әрекетін ұйымдастыру әдіс – тәсілдерін таңдау.

III. Сабақты жүргізу.


- Әр сабақтағы баланың іс - әрекетін ұйымдастыру
- Оқушымен жанама қарым – қатынас
- Жұмыс барысын бақылау жұмысы

IV. Рефлексия (Сабақтың қорытынды бағасы)

- Қойылған мақсатқа жету
- Тақырып бойынша өзгерістер енгізу
- Оқыту нәтижесіне талдау (жетістіктер мен кемшіліктер)


Дамыта оқыту технологиясының принциптері

Жоғары қиындықта оқыту принципі




Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді

Теориялық білімнің жетекші ролі принципі



Бұл теорияда оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру



Дамыта оқыту технологиясы жайындағы тақырыбымызды қорытындылайтын болсақ, ең бастысы, дамыта оқытуды әр мұғалім түсінуі, жүрегімен қабылдауы және мұғалім оқушыға дайын білімді берумен шектелмей, баланы өз бетімен білім алу, іскерлік, мүмкіншілікке бағыттауы керек